# СЕМИНАР-САБАҚ

Жоспар бойынша 01.02.2024 жылы архив қызметкерлеріне “Ұлттық архив қоры және архивтер туралы” Қазақстан Республикасының 1998 жылы 22-желтоқсанда бекітілген № 326-II заңы бойынша сабақ өткізілді.

---

# “АРХИВ-2025: НӘТИЖЕЛЕР МЕН МӘСЕЛЕЛЕР” атты ғылыми-тәжірибелік конференция

Еліміздің бас қаласында Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитеті, Қазақстан Республикасының Ұлттық архивінің ұйымдастыруымен ” Шетелдегі Қазақстанға қатысты құжаттарды анықтау, көшіру, цифрлау және жариялау проблемалары мен перспективалары” тақырыбында іс-шара өтті. Конференция барысы Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің төрағасы Қ.Бораштың құттықтау сөзімен ашылып, “АРХИВ-2025” бағдарламасы бойынша шетел архивтерінде табылған құжаттар бойынша баяндама оқылды.










ных полков немцев отбивал до сотни атак, не уступив ни одного кило-
метра земли противнику, нанося ему большие потери.
Учитывая все перечисленные выше боевые заслуги Момыш Улы мною
в августе месяце 1942 года был оформлен наградной лист на звание
Героя Советского Союза, судьба которого до сего времени неизвестна.
Изложив далеко неполные подвиги, считаю своим долгом довести
Вам я просьбу, на основании выше изложенного, согласно статута
Орденов Союза ССР, отметить товарища Момыш Улы в пределах которых
считаете возможным Вы, ибо справедливость этого от меня требует.
Гвардии полковник Момыш Улы 1910 года рождения, по национальнос-
ти казах, член ВКП /б/ с 1942 года, участник Отечественной войны













---

# СЕМИНАР-САБАҚ

Ұлттық архив қорын толықтыру бөлімі бекітілген жоспарға сәйкес, облыстық архивтің жинақтау көзіндегі мәдениет, білім, сот, денсаулық салаларының мекемелеріне 24.11.2023 ж. «Ұлттық архив қорының және басқа да архивтік құжаттарды ведомстволық және жеке архивтердің қабылдау, сақтау, есепке алу мен пайдалану қағидалары», «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидалары» тақырыптарында семинар-сабақ өткізді.





---

# АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ДАЯРЛЫҚ

Жамбыл облысының төтенше жағдайлар департаменті азаматтық қорғау саласы бойынша бірқатар мекеме қызметкерлеріне оқу сабақтарын өткізді.
Мекеме қызметкері Қ.Борашев аталған семинарға қатысып, сертификат алды.










---

# «Архив-2025» тақырыбында семинар-сабақ

Архив қызметкерлерінің біліктілігін жетілдіру мен өзара тәжірбие алмасу мақсатында Архив құжаттарын жариялау бөлімінің қызметкерлері «Архив-2025» тақырыбында семинар-сабақ өткізді.
Семинар-сабақта жобаны жүзеге асыру барысында отандық және шетелдік ірі архивтермен өзара жүйелі жүргізген жұмыстары, іздеу¬-зерттеу мен архив деректерінен дайындалған жинақтар, зерттеушілер мен қалың жұртшылыққа қолжетімді ету, белсенді түрде цифрлық форматқа көшірілуі жөнінде айтылды.








# «Еркін елдің ұрпағы»

«Шерхан Мұртаза атындағы руханият және тарихтану орталығы» КММ «Жамбылтану» бөлімінің ұйымдастыруымен 25 қазан – Республика күніне орай өткізілген «Еркін елдің ұрпағы» атты дөңгелек үстелге мекеме тарапынан жоғарғы санатты архивист Кулибаева Гаухар Ынтымаковна, архив қоймасының меңгерушісі Секирбекова Сауле Байжановна, архивист Абдыкаримова Меруерт Кенжегуловна, қатысты.
Мұндағы мақсат, еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігін дәріптеу, ұлттық құндылықтар мен ұлттық мұраттарды бойына сіңірген патриоттық рухтағы ұрпақ тәрбиелеу мақсатында зиялы қауым өкілдерінің парасатты пікірлерін кеңінен жастарға ұғындыру.
Республика күніне арналған мерекелік іс – шара жоғары деңгейде өтті, соңында Алғыс хаттармен марапатталды. Келген қонақтар ризашылықтарын білдіріп, естелікке суретке түсті.

https://www.zhambyl-archive.kz/wp-content/uploads/2023/10/whatsapp-video-2023-10-26-at-12.32.58.mp4

# «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану»

Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану тақырыбы бойынша Ұлттық архив қорын толықтыру бөлімі бөлімдер арасындағы тәжірбие алмасу мақсатында семинар-сабағын өткізді. Семинар барысында архив қызметкерлері аталмыш мәселені қызу талқыға салып, сұрақтар қойылды.

https://www.zhambyl-archive.kz/wp-content/uploads/2023/10/whatsapp-video-2023-10-05-at-10.31.26.mp4